

УДК 347.2

Касиев Толеген Базарбаевич

старший преподаватель, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: ktolegen@mail.ru

Исмагулов Аскербек Еркинович

старший преподаватель, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: askerbek_ismagulov@inbox.ru

**ҚР АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРДІ ТАРАТУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақалада акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді таратуды құқықтық реттеудің ерекшеліктері қарастырылған. Акционерлік қоғамды тарату азаматтық заңнамада көзделген жалпы негіздер бойынша жүзеге асырылады. Аталған ережелер акционерлік қоғамдар туралы заңның тиісті нормаларында нақтылана түседі. Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді таратудың жалпы қандай ерекшеліктері бар, қандай мәселелер туындауы мүмкіндігі қарастырылған.

***Түйін сөздер:** заттар, ақша, шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, фирмалық атаулар, тауарлық белгі*

В данной статье рассмотрены особенности правового регулирования ликвидации акционерных обществ и хозяйственных товариществ. Ликвидация акционерного общества осуществляется по общим основаниям, предусмотренным гражданским законодательством. Указанное положение конкретизируется в соответствующих нормах закона об акционерных обществах.

***Ключевые слова:** вещи, деньги, иностранная валюта, ценные бумаги, работы, услуги, фирменные наименования, товарные знаки*

The article deals with property benefits and rights (property), things, money, including foreign currency, securities, works, services, objectified results of creative intellectual activity, trade names, trademarks and other means of individualizing products, property rights and other property. Under the property benefits, the CC understands all those tangible objects and other values, in particular energy, works and services that can satisfy the material and other needs of the subjects of law and are included in the sphere of relations governed by civil law.

***Keywords:** things, money, foreign currency, securities, works, services, trade names, trademarks*

Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам деп танылады.

Акционерлік қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді. Акционерлік қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрылуы мүмкін.

Акционерлік қоғамды тарату азаматтық заңнамада көзделген жалпы негіздер бойынша жүзеге асырылады. Аталған ережелер акционерлік қоғамдар туралы заңның тиісті нормаларында нақтылана түседі.

Мүдделі тұлғалардың арызы бойынша акционерлік қоғам заңды тұлғаларды мәжбүрлі

түрде таратудың азаматтық кодекстің 49-бабының 2-тармағында аталған жалпы негіздері бойынша мәжбүрлеп таратылуы мүмкін. Олардың ішінен қоғамды банкрот деп тану немесе құрылған кезде заңдардың түзетілместей етіп бұзылуына байланысты оның мемлекеттік тіркелуін жарамсыз деп тану сияқты жағдайларды ерекше атап өту қажет.

Мамандандырылған акционерлік ұйымдарды (банктер, сақтандыру қоғамдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары т.б.) қайта құру мен таратудың ерекшеліктері мен қосымша негіздері осы ұйымдар туралы арнайы заң актілерінде белгіленуі мүмкін [1].

Акционерлік қоғамдарды таратудың ерекшелігі болып оның несие берушілердің талаптарын азаматтық кодекстің 51 бабында белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырудан кейін қалған мүлкін акционерлері арасында бөлу тәртібі танылады. Акционерлік қоғамдар туралы заңның 101 бабымен белгіленген осы тәртіпке сәйкес, қалған мүлік акционерлер арасында мынадай кезектілікпен бөлінуге жатады: 1) акционерлік қоғамдар туралы заңнамаға сәйкес қоғам сатып

алуға тиіс акциялар бойынша төлемдер бірінші кезекте жүзеге асырылады. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алу акционерлердің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағанда (егер акционер қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе); акционерлік қоғамдар туралы заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында қоғамның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспегенде; акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін қоғам акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс. Орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша қоғамның сатып алуы қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындаудың акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы немесе директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы талап қоюға құқылы. Аталған өтініш алынған күннен бастап отыз күн ішінде қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны қоғам сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады. 2) Артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивиденттер төлемдері екінші кезекте жүзеге асырылады. 3) Жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивиденттер төлемдері үшінші кезекте жүргізіледі [2].

Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады. Егер таратылатын қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивиденттерді төлеуге және артықшылықты акциялардың құнын өтеуге жеткіліксіз болса, аталған мүлік, акционерлік қоғамдар туралы заңның 13-бабы 2-тармағының талаптары

ескеріле отырып, түгелдей осы санаттағы акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай бөлінеді.

Яғни, көріп отырғанымыздай, акционерлік қоғамдар туралы заң таратылатын қоғам мүлкін бөлу мәселесінде акциялардың қандай да бір категорияларын ұстаушы акционерлер арасында құқықтардың белгілі бір айырмашылығын бекітеді. Бұл айырмашылықтар аталған заң қабылданғанға дейін және азаматтық кодекске тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізілгенге дейін болған жоқ. Сонымен қатар, дауыс беру құқығы жоқ акцияларды ұстаушылар сияқты, облигационерлерде де акционерлік қоғамды басқару құқығының болмайтынын атап өту керек. Алайда, дауыс беру құқығы жоқ акцияларды ұстаушылар несие берушілермен толық есептескеннен кейін қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқылы құқығы бар қоғамның қатысушылары болып табылады. Ал облигацияларды иеленушілер бесінші кезектегі несие берушілер болып табылады. Бірақ басқа несие берушілермен салыстырғанда, олардың алдындағы міндеттемелер мүлікті тарату комиссиясына талаптарын мәлімдегеніне қарамастан қанағаттандырылуы тиіс. Себебі бұл жағдайда осы бағалы қағаздарды өтеу орын алады. Таратылатын мамандандырылған акционерлік ұйымдардың (банктер, сақтандыру ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары т.б.) несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру ерекшеліктері осы ұйымдар туралы заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.

Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ

акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс [3].

Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады. Таратылатын қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін акционерлер арасында бөлуді тарату

комиссиясы мынадай кезектілікпен жүзеге асырады:

1) бірінші кезекте – Заңға сәйкес сатып алынуға тиіс болатын акциялар бойынша төлемдер;

2) екінші кезекте - артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;

3) үшінші кезекте - жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу.

Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27.12.1994ж. Жалпы бөлім. ИС //Параграф
2. Басин Ю.Г., Сулейменов М.К. Гражданское право. Том 1. А., 2012. – 650 с.
3. Гражданское право /Под. ред. С.П. Гришаева – М.: Юрист, 2012. – 780 с.

Касиев Төлеген Базарбаевич

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Западная көш.28

Ұялы тел: +7 777 426 03 00

Исмагулов Аскербек Еркинович

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қ. Мұхамедханов көш. 33-39

Ұялы тел: +7 707 705 07 90

ҚР акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерді таратудың ерекшеліктері

Касиев Төлеген Базарбаевич

Должность: старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Западная 28

сот. тел: +7 777 426 03 00

Исмагулов Аскербек Еркинович

Должность: старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. К.Мухамедханова 33-39

сот. тел: +7 707 705 07 90

Особенности распределения акционерных обществ и деловых товариществ РК

Kasiev Tolegen Bazarbekovich

Position: senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Zapadnaya 28

Mob.phone: +7 777 426 03 00

Ismagulov Askerbek Erkinovich

Position: senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. K.Mukhamethanov 33-39

Mob.phone: +7 707 705 07 90

Peculiarities of distribution of joint-stock companies and business partnerships of the RK